

**Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын жүзеге асыру туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 9 ақпандағы № 18 қаулысы. Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 ақпанда № 9-16-84 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 278 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2010.12.31 № 278 қаулысымен.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңның 31-бабы 1-тармағының 13) және 14) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5-2) тармақшасын, "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңның 31-бабы 1) тармақшасына сәйкес, мүгедектерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету, олардың тіршілік-тынысы және қоғамға етене араласуы үшін тең мүмкіндіктер жасау мақсатында Науырзым ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Науырзым ауданы бойынша жұмыс орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде 24 жұмыс орындарына мүгедектер үшін квота белгіленсін.

2. "Науырзым ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (М.Т. Қаратаев) (келісім бойынша) квотаға сәйкес жұмыс орындарына жұмысқа орналасу үшін мүгедектерді жіберуді қамтамасыз е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Х.С. Қуатқановқа жүктелсін.

*Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Т. Өтекеев*